

## **Ауыл жылына арналған "Спорт есірткіге қарсы" ұранымен "Ақ бидай" республикалық ауыл спорты ойындарын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2003 жылғы 20 қыркүйектегі N 222-ө өкімі

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 10-14 қазанда Тараз қаласында Ауыл жылына арналған "Спорт есірткіге қарсы" ұранымен "Ақ бидай" республикалық ауыл спорты ойындарын (бұдан әрі - Ойындар) өткізу туралы ұсынысы қабыл алынсын.

2. Қоса беріліп отырған Ойындарды дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі Жамбыл облысының әкімдігімен, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нашакорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитетімен бірлесіп, Ойындарды ұйымдастыру мен өткізуді, мәдени-спорттық мерекенің салтанатты ашылуын қамтамасыз етсін.

4. Облыстардың әкімдері Ойындардың іріктеу кезеңдерін өткізуді ұйымдастырсын, сондай-ақ Ойындарға және финалдық жарыстардың ашылуы мен жабылуы салтанаты рәсімдеріне қатысу үшін спорттық делегацияларды дайындауды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ойындарға қатысушылар тұратын және жарыстар өтетін жерлерінде қоғамдық тәртіп пен олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Ойындарға қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрліктері Ойындарға дайындық пен олардың өту барысын бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялауды қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Ойындарға қатысушылардың жарыстар өткізілетін жерлерге және кері жол жүруі үшін билеттерін брондауды ұйымдастыруда көмек көрсетсін.

9. Ойындарды дайындау мен өткізу жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру көрсетілген іс-шаралардың орындалуына жауапты тиісті мемлекеттік мекемелерге-бағдарламалардың әкімшілеріне 2003 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және соның шегінде, сондай-ақ демеушілік көмекті тарту есебінен жүзеге асырылсын.

10. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 3                      ж ы л ғ ы                      2 0                      қ ы р к ү й е к т е г і

№    2 2 2                      ө к і м і м е н

бекітілген

### **Ойындарды дайындау мен өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы**

Тұрлыханов    - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт  
Дәулет Болатұлы                      жөніндегі агенттігінің төрағасы, төраға  
Үмбетов    - Жамбыл облысының әкімі, төрағаның  
Серік Әбікенұлы                      орынбасары  
Айтжанов    - Қазақстан Республикасының Ауыл  
Дулат Нулиұлы    шаруашылығы вице-министрі, төрағаның  
орынбасары

#### **Ұйымдастыру комитетінің мүшелері**

Әлімбекова    - Қазақстан Республикасының Туризм және  
Гүлнәр Смәділқызы    спорт жөніндегі агенттігінің экономика -  
қаржы бөлімінің бастығы  
Бөкеев    - Қазақстан Республикасының Әділет  
Серік Қанатшаұлы    министрлігі Нашақорлыққа және есірткі  
    бизнесіне қарсы күрес жөніндегі комитеті  
    төрағасының міндетін атқарушы  
Бектұрғанов    - Қазақстан Республикасының Білім және  
Нұралы Сұлтанұлы                      ғылым вице-министрі  
Демеш    - Жамбыл облысы әкімінің орынбасары  
Кеңесбек Мыңжасарұлы  
Диқанбаева    - Қазақстан Республикасының Денсаулық  
Сәуле Әлкейқызы                      сақтау вице-министрі  
Дүйсенбаев    - Жамбыл облыстық жастар істері, спорт  
Махамбет Ахметұлы    және туризм жөніндегі басқармасының  
    бастығы  
Қанағатов    - Қазақстан Республикасының Туризм және  
Елсияр Баймұхаметұлы    спорт жөніндегі агенттігі төрағасының  
    орынбасары

Құдайқұлов - Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп  
Жәзит Кәрімұлы кешені қызметкерлері кәсіподағының  
төрағасы (келісім бойынша)

Лавриненко - Қазақстан Республикасының Көлік және  
Юрий Иванович коммуникациялар бірінші вице-министрі

Отто - Қазақстан Республикасының Ішкі істер  
Иван Иванович вице-министрі

Рябченко - Қазақстан Республикасының Ақпарат  
Олег Григорьевич бірінші вице-министрінің міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК